

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы
Жақын Қажыманұлы Асанов
мырзаға

Қазақстан Республикасының азаматы,
Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі,

Қульнаш Шакированың
сенім хат бойынша өкілі
Айжан Бахытжановна Маликовадан
Қызылорда қаласы, Айтбаев көшесі.

Құрметті Жақын Қажыманұлы!

Елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында жұмыс жасап отырған сот жүйесінің алатын орны ерекше. Бүгінде соттың әділ төрелігімен қаншама азаматтардың тағдыры шешілуде.

Осы орайда мен соттың әділдігіне деген сенімді артта түсуіне себеп болған Қызылорда қалалық сотының судьясы Забира Абылайқызының азаматтық істі қараған кездегі құқықтық кәсібиілігі және объективтілігі үшін үлкен алғысымызды білдіреміз. Себебі, сот істі қарау барысында, талап қоюшы А.Байзақов жауанкерлер К.Шакированы, Ж.Шакировты, А.Шакированы, А.Шакированы, үшінші тұлға С.Тугельбаевті Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі, 66 (бұрынғы 58) үйден ерікеіз түрде шығару туралы талап арызбен жүгінген.


К.Шакирова, М.Шакиров жауанкерлер А.Байзақовтың, С.Тугельбаевтың жеке нотариус Нсенкараева Салтанат Адильбековнаның 07.06.1999 жылғы №2-2-75 санды жасалған сату-сатып алу шартын және 13.11.2015 жылғы №2672 санды сыйға беру шартын жарамсыз деп тану туралы қарсы талап таразыбен жүгінген болатынбыз.

Менің сенім білдірушім 30.03.1985 жылы М.Шакиров пен Қызылорда облысы, Сырдарья аудандық АХАЖда заңды некеге тұрған. Заңды некеден үш балдары бар, Шакиров Жандос Маратович 19.04.1986 жылы туылған, Шакирова Агир Маратовна 11.08.1988 жылы туылған және Шәкір Айдана Маратқызы 04.09.1996 жылы туылған. Менің сенім білдірушімнің күйеуі М.Шакиров К.Шакированы кәмелетке толмаған үш баласымен тастап басқа отбасын құрып кетіп қалған. Бірақ екеуінің арасында некелері осы уақытқа дейін бұзылған жоқ. К.Шакированың Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі, 66 (бұрынғы 58) үйден басқа жеке меншік үйлері және үш баласымен баратын жері болмаған.

Осы уақытта Судья З.Абылайқызы менің сенім білдірушімнің азаматтық ісін мерзімінде, сөз балауға салмай, уақытылы қарап, тергеуін өте мұқият және жан-жақты жүргізіп, әділ шешім қабылдады.

З.Абылайқызы сот төрелігі кезінде өз қызметін адал, кәсіби түрде, тиянақты жүзеге асырады, сондықтан менің ойымша әділдіктің символы болып барлық судьяларға үлгі болуға лайық. ҚР Елбасының тапсырмасына сай ол толықтай сот этикасы мен заң үстемділігін сақтады деп есентеймін.

Сондықтан, қазақ елі тәуелсіздігін алып, сенім бостандығын қол жеткізгелі, елімізде сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырып, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғап, ҚР-ның Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қойып отырған судьясының бірі Забира Абылайқызы.


А.Б. Маликова